

## ТЕРГЕУ КЕЗІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ТАРАТЫЛАТЫН ЦИФРЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



**ДАУРЕН ӨТЕПОВ,**  
Академия докторанты,  
кіші әділет кеңесшісі

Бүгінгі күні ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар (АКТ) адам мен қоғамның тіршілік әрекетінің барлық салаларына еніп кетті, ал олардың қарқынды даму оң тенденцияларға да, теріс тенденцияларға да алып келеді, бұл технологияларды қылмыстың объектісі (заты) ретінде де, қылмыс құралы ретінде де қолдануымен байланысты. Зиянкестердің ақпараттық технологияларды өздерінің қылмыстық мақсаттарында пайдалануы мемлекет тарапынан мөлшерлес және тиімді жауапты талап ететін қазіргі заманғы жанандық қатерлердің туындауына алып келеді.

Елімізде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (ҚР ҚК) баптарының диспозициясын негізінде, АКТ-ны пайдалана отырып жасалатын қылмыстарға қылмыстық құқық бұзушылықтардың 42 жекелеген құрамын жатқызуға болады.

Алайда, қылмыстық істерді зерттеу көрсеткендей, бұл тізім толық емес және бүгінгі күні осындай қылмыстар көбейіп келеді, сонымен қоса АКТ-ны қолдана отырып қылмыс жасауға дайындалу және қылмысқа оқталу кеңінен орын алуда.

АКТ-ны пайдалана отырып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар саны соңғы жылдары көбее түсті, оған Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми статистикалық деректері дәлел. Осыдан 5 жыл бұрын, яғни 2017 жылы мұндай қылмыстардың саны 2870-ті құраса, 2018 жылы 5058 дерек, 2019 жылы 8522, 2020 жылы 14109, 2021 жылы 23639 дерек тіркелген. Жылма жыл 50%-ға өсіп келе жатқандығы байқалады [1].

Құқық қорғау органдары академиясы Жаршысының 2022 жылдың 1 (24) номерінде жарық көрген «ІТ-маманының қылмыстық істер бойынша сандық іздерді алу процесіне қатысу нысандары» атты мақаламызда біз ІТ-маманының көмегімен қылмыстық істер бойынша дәлелдеме ретінде сандық ақпараттарды жинау мүмкіншіліктерін қарастырған едік.

Алайда, қылмыстық сот ісін жүргізу саласына

мамандарды тарту институты қылмыстық қудалауды жүргізуші адамдар тарапынан тиісті назарсыз қалып отыр.

ҚПК нормалары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның немесе процеске қатысушының қалауына қарай іс бойынша іс жүргізу кезінде маманның міндетті, міндетті еместігінің әртүрлі негіздерін қарастырады. Мысалы, қылмыстық процесті жүргізетін орган, қорғаушы, жәбірленушінің өкілі болып табылатын адвокат ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланған кезде жәрдем көрсету үшін маманды тартуы мүмкін (126-баптың 2-бөлігі), мылқау немесе саңырау куәдан, жәбірленушіден, күдіктіден, айыпталушыдан жауап алу сурдоаударма дағдыларын меңгерген адамның қатысуымен жүзеге асырылады (210-баптың 7 бөлігі), тергеуші, анықтаушы қажет болған жағдайларда пошта-телеграф жөнелтілімдерін қарап-тексеруге және алуға қатысу үшін тиісті маманды, сондай-ақ аудармашыны шақыруға құқылы (246-баптың 5-бөлігі), тінту куәгерлердің қатысуымен, ал қажет болған жағдайларда маманның және аудармашының қатысуымен жүргізіледі (254-баптың 4-бөлігі) және т.б. [2] осылайша, заң шығарушы қылмысты тергеуде маманның арнайы танымдарын пайдаланудың әртүрлі аспектілерін көздейді.

Осы мүмкіншіліктер іс жүзінде аз қолданылады.

Мәселен, 24 сәуір 2021 жылы Көкшетау қ. полиция басқармасымен ҚР ҚК 190-бабы 4-тармағы 2-бөлігі

бойынша алаяқтық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Істің материалынан А.есімді азаматы «ОЛХ.kz» хабарландыру қызметі арқылы қосалқы бөлшектерді сату туралы жарнама жасады. Б.есімді азамат өз кезегінде жарнама берушіге Каспи банк қосымшасы арқылы сеніп, 36 000 теңге аударды, содан кейін алаяқ қашып кеткен. Қылмыстық іс шеңберінде, тергеуші жәбірленуші ақша қаражаты аударылған есеп шот туралы мәліметтерді ғана талап еттіп алдырған, басқа тергеу әрекеттерді жүргізбеген.

IT-маманмен сұхбат жүргізу барысында ол, іс бойынша телефон нөмірін, электрондық пошта мекен-жайын, хабарландыруды беру орнын және іс үшін маңызы бар басқа да мәліметтерді анықтау мақсатында «ОЛХ.kz» жарнамасының жалған бетін қарап шығуға болатындығын. Қосымша ақпарат қажет болған жағдайда «ОЛХ.kz» қызметінің әкімшісіне сұрау жіберуге мүмкіншілік бар екендігін көрсетті.

«ОЛХ.kz» сервистерінің құпиялылық саясатының негізінде біз сервис әкімшісінен тіркеу жазбасы туралы ақпараттарды, атап айтқанда пайдаланушының географиялық орналасуын, аты-жөнін, телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын және қосымша ақпараттарды ала аламыз [3].

Сонымен қатар, IT-маманның қылмыстық істерді ашуға қатысуының маңыздылығы осындай қылмыс жасаған адамдарға қатысты айыптау үкімдерімен расталады.

Атап айтқанда, Алматы қаласы Бостандық ауданы №2 аудандық сотының айыптау үкіміне сәйкес сотталушылардың кінәсі маманның 19.02.2020 жылғы қорытындысымен расталады делінген. Оған сәйкес ақпараттық технологиялар саласындағы зерттеу нәтижелері бойынша маман келесі қорытындыға келген: ұсынылған файлдарды зерттеу нәтижесінде айыпталушылар зиянды бағдарламалық өнімдерді (Файл атауы: java.exe, jusched.exe, smrs.exe және басқалар) банктің ақпараттық жүйесіне шабуыл жасау және 2017 жылғы 11-12 наурызда орын алған банктің ақша қаражатын ұрлау кезінде қолданған. Сот отырысында процеске қатысушылардың ешқайсысы бұл қорытындыға дау келтірмеген. Яғни, IT маман жасаған қорытындының өзектілігі байқалады.

Сонымен қоса, Алматы қаласының полиция департаменті 2021 жылы кәмелетке толмағандарды сату фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады. Қылмыстық іс материалдарынан «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде қолданушы «а» лақап атымен келесі мазмұндағы пост жариялады: «Сәлеметсіз бе! Мен 25 жастамын, жүктілігім 6-шы ай. Баланың жынысы – ұл. Мен баланы отбасылық жағдайға байланысты қалдыра алмаймын. Мен оның жақсы отбасы тауып, мол өмір сүргенін қалаймын. Тек Алматы қаласын жазыңыз». Аталған факт ҚР ҚК 135-бабында көзделген қылмыс құрамын қалыптастырады.

Тергеу мамалдарының негізінде қылмыстық іс қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты қысқартылған. Істің қысқаруына «а» атты пайдаланушының белсенді емес фактілері және жарияланымы бар постты пайдаланушы жойғандығы негіз болған.

Бұл жағдайда жарияланым анықталған сәттен бастап нақты тергеу әрекеттерін жүргізуге дейін 20 күннен астам уақыт өткен. Осыған байланысты, қылмыстық қудалау органы хабарландырудың авторын анықтау мүмкін болмаған.

Ал, біз іс бойынша VK.com сайт әкімшісінің пайдаланушылар туралы ақпаратты қорғау ережелеріне сәйкес істің мән-жайын ашатын мәліметтерді сұрату мүмкіншілігінің бар екендігін ескертеміз.

Мәселен VK.com сайт әкімшісінің серверінде пайдаланушының аты, тегі, жынысы, туған күні, ұялы телефон нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы, отбасы жағдайы, туған күні, туған қаласы, туыстық байланыстары, үйінің мекен-жайы, білімі туралы ақпарат және басқада мәліметтер бар [4].

Осы тектес сұратуларды сайт әкімшілерінен тікелей сұратып алуға болады, себебі сайт әкімшілері қылмыстық істер бойынша мұндай мүмкіншіліктерді өздері қарастырған.

Жоғарыдағылардың негізінде, АКТ-ні пайдалана отырып жасалынатын қылмыстық істерді тергеу барысында IT-мамандардың көмегіне жүгінген жөн деп санаймыз.

Сонымен қоса, іске қатысы бар ақпараттарды жинау кезінде сайт әкімшілерінен сұрату қажеттілігін кеңінен пайдалануды ұсынамыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О зарегистрированных уголовных правонарушениях за 2020-2021 г. (форма отчета №1-М) [Электронный ресурс]: Информационный сервис / Комитет по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан – Режим доступа: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat> (дата обращения: 06.05.2022).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 06.05.2022).
3. OLX.kz сервистерінің құпиялылық саясаты [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://help.olx.kz/hc/kk/articles/360044886813> (жүгінген күні: 31.05.2022).
4. Официальный сайт ВКонтакте. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://vk.com/privacy> (жүгінген күні: 06.05.2022).